

Алинова Гүлжанар Кумановна

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті;  
gulzhanar\_1996@mail.ru

**Әлихан Бөкейханов және оның қазақ тарихындағы  
ғылыми-зерттеушілік қызметі**

**Аннотация:** XX ғ. басында қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі ғалым Ә.Н. Бөкейхановтың ғылыми мұраларын талдай отырып, ғалымның зерттеуші ретінде рөлін айқындау.

**Кілт сөздер:** публицист, ғылыми-зерттеушілік энциклопедиялар, петиция, саяси-элеуметтік жағдайы, мемлекет қайраткері, конституциялық-демократиялық партиясы.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының ұйымдастырушысы және жетекшісі, қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі Алашорданың басшысы, ғалым, дарынды публицист. Әлихан Бөкейханов бүкіл саналы өмірін қазақ халқының бостандығы мен саяси тәуелсіздігі жолындағы күреске арнады.

Әлихан Бөкейханов өз ғұмырында төрт ғылыми-зерттеушілік энциклопедияларға сонымен қатар, жүзден астам салмақты ғылыми еңбектері мен түрлі мақаларды жазған. Ол ең алдымен ауылшаруашылық техникумында математикадан сабақ беріп, кейін Омбы техникумында ресми қызмет атқара, жүріп ол өзі үшін жаңалық ашуды жалғастырып, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысады. Ең алдымен Бөкейхановты Қазақстан тарихы үнемі қызықтырды. Ол үшін жасалаған төрт экспедицияны ең бірінші Тобыл болды, оның барысында қазақ жеріне орыстарды қоныстандыру мәселесі зерттелді. Бұл орман институтын

бітіргеннен кейін болған еді. Осыдан кейін сегіз жыл өткен соң Дала өлкесін зерттеу басталды және бұл жолы да назар қоныс аударушылар назарында болды. Үкіметтің бұйрығымен ғалымдар жаңа қоныстандыруға қолайлы бос жерлерді анықтауы қажет болды. Жас патриот алған білімін өзінше пайдаланды және ол экспедицияларда көрген білгендерінің бәрін ғылыми-публицистикалық еңбектеріне арқау болды. Онда автор патшаның қоныс аудару саясатының нәтижесінде туған жердегі қазақтардың қолайсыз жағдайын көрсетіп, дәлелдеп берді. Бұл жағдай Бөкейхановты бейжай қалдыра алмады. Ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы ретінде ол қазақ даласында болған 1916 жылғы көтерілістің маңызына тоқталмай кетпейді. Ресей тарихшысы Шестаковпен 1926 жылы «1916–1926» атты еңбекті жазды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қазақ халқына әкелген ауырталығын «1916-ыншы жылы патша сансыз жігітті соғыста өлтірді, қолы-аяғы жоқ, ақылдан адасқан мешел де мүгедек қылды, елдің шаруасы ойрандалды, соғыста ерлер өліп, елде шаруа күйзелді, жетімбала, жесір қатын, шалкемпір көзінің жасы көл болып, жұртта қалған ботадай боздады. Ет, нан тапшыланды, жұттағыдай жоғалды», – деп сипаттайды [1, б. 84]. Бұдан әрі қазақ әскерге қара жұмысқа адам аламыз деген патшаның 25 маусымдағы Жарлығы халықтың ашу-ызасын тудырғандығын айтып өтеді. Ол туралы «қазақ-қырғызбен бірге өзбек, түрік пен тәжіктер де бас көтереді... Қазақ-қырғыздың патша үкіметіне қарсы соғысы жерін тартып алғаннан, қара жұмысқа аламынан шығады. Патша үшін, орыстың ақсүйегі, төресі үшін қазақ-қырғыз бір тамшы қанын да қиғысы келмейді, жерін алған, өзін соғысқа айдаған патшаны иттің етінен қазақ-қырғыз жек көреді, бүйтіп қор болғанша, өзінің жағасынан алып өлейік дейді.... Қазақ-қырғыз осы көтерілісте көп адамын өлтіріп, шаруасын күйзелтсе де келешекте қандай ел екенін білдіреді. 1905-ші жылғы Мәскеудегі жұмысшы көтерілісі де жұмысшыны көп шығындатқан. Осы көтеріліс келешекке үлгі болды. Қазақтың 1916-шы жылғы көтерілісін де осылай ұғыну керек... Қазақ-қырғыз, өзбек, тәжік, өзге елдің патша өкіметіне қарсы тұрып соғыс ашқаны тарихтан орын алады» [1, б. 86] деп қазақ көтерілісінің Ресей империясы қол астындағы басқа да

халықтардың бас көтеруіне себеп болғандығын назар аударады және осы көтерілістің 1917 жылы патшаны тақтан құлатуда ерекше роль атқарғанын атап өтеді. Сонымен қатар Әлихан Нұрмұхамедұлы көтерілістің таптық сипатта емес, отаршылдарға қарсы ұлт-азаттық бағытын атап көрсетеді. Қарусыз халықты басып-жаншыған патша әскерінің қиянаттық іс-әрекетін «қарусыз елді қойдай айдап, жердей таптап, жаудай тонайды. Патша әскері немістен гөрі қарусыз қазақ-қырғызбен соғысқанды сүйеді. Қазақ жерінде соғыс бітіп қалса, өздерін сол күні неміске қарсы айдайтынды біледі де, қазақ елінде момын елді шауып, соғысып жатырмыз деп жүре береді» [1. Б. 85] деп әшкерлеп, сынайды. Еңбектің соңында Ә. Бөкейханов: «Қазақ-қырғыздың көтерілісін орыстың төрелері қазақ-қырғыздың жерін алуға әдейлеп жасады деген пікір – адасқан. Қазақ-қырғыздың жерін алған соң, өзін қара жұмысқа тізген соң,... қарсы тұрып көтеріліп соғыс ашқан. Қазақ-қырғыздың көтерілісі – қалың елдің дариядай толқыны. Дауыл болса ғана дария толқиды» [1, б. 87] – деп 1916 жылғы көтеріліске өз бағасын береді.

Әлеуметтік- тарихи зерттеулермен қатар экономика, өлкетану, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы т.б айналысты.

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан барлық қажыр-қайратын, білім, дарын-талантын патша өкіметі кезіндегі отаршылдық, қанау кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық, жалқаулық, өтірік, ұрлық, шаруаға қырсыздық сияқты кесапат мінездерді сынап, ел тағдыры үшін ең маңызды нәрсе, негізгі байлық, тіршілік көзі – жерге иелік екенін терең сезініп, осы бағытта жұмыс жасайды, ғылыми зерттеулер, мақалаларды жарыққа шығарады.

Қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайы, тұрмыс салты, мәдениеті, отаршылдықтың зардаптары, білім мәселесі Ә. Бөкейхановтың 1910 жылы Санкт-Петербургтен шыққан «Киргизы» атты еңбегінде баяндалады. Ол «Формы национального движения в современных государствах» деп аталатын жинақпен басылып шықты. Еңбекте демографиялық, статистикалық мәліметтер басым. 1985 жылы бұл еңбекті

Оксфорд университетінің Орта Азияны зерттеу қоғамы «Казахи о русских до 1917 года» деген атпен қайта басып шығарды. Шетелдік ғалымдардың бұл еңбекке деген қызығушылықтары тегін емес. Еңбекте қазақ этносының шығуы туралы, қазақ халқының саны, шаруашылығының толық сипаттамасы, далалық өлкенің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірі туралы сараптамалық ақпараттар беріледі.

Ә. Бөкейхановтың осы айтылып отырған еңбегінде қазақтардағы жерді пайдалану тәртібі жөнінде кеңінен жазып, ғылыми тілде айналымға енгізген «қыстау», «жайлау», «күзеу», «шаңырақ меншігі» және т.б. қазақша ұғымдарға анықтама беріп, экономикалық категорияларға жіктейді. Ол туралы: «Барлық қырғыздар жылына 8–10 ай бойы бір орында отырып тіршілік етеді. Қырғыздардың мекені «қыстау» деп аталады, бұл «қыс» – зима, «тау» – горы сөздерінен алынған. Бұрынғы уақытта «қырғыздар» қыста киіз үйлерде қыстап шыққанда, олар қысқы уақыт үшін таулы жерлерден ықтасын болатын орын таңдаған, осыдан олардың қоныстары қыстау аталған... Қыстаудың мөлшері уездің табиғи тарихи жағдайларына тәуелді, оның көлемі жайылым мен топырақ өнімділігіне байланысты. Қай жерде шөп шабудан мол өнім алу мүмкіндігі болса, соғұрлым малға азық көлемі дайындалады да, қыстау көлемі өседі. Қырғыз «қыстауы» шаруа селолық қауымы тәрізді қарапайым жер бірлігін көрсетеді... пайдалануын да болыстардағы «қыстаудың» мұндай тобы статистикалық әдебиетте «қауымдық-ауылдық» деп аталады, яғни, «қыстау» мағынасында қырғыз тұрмыстарындағы жер бірлігін көрсетеді», – деп баяндайды [2, б. 68, 69].

Омбыға оралғанда Ә. Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Народная свобода» (Халық бостандығы) партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын

ұйымдастырады. Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді. 1905 ж. бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған. 1905 ж. Әлихан Бөкейханов Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Бірақ ол 1-ші Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Ә.Н. Бөкейханов өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуісіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды. Ал абақтыдан шығып Санкт-Петербургға жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін сол кездің Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Ә.Н. Бөкейханов да солардың артынан аттанып Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды. 1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Санкт-Петербурда жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» гәзеттерінде редакторлық қызмет атқарды. 1909-17 жж. «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді. 1911-14 «Қазақ» гәзетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді. 19 ғ. соңында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми жұмыстармен айналысады. Ол 1896 ж. көрнекті ғалымдардың кепілдемесімен Орыс жағрапиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды. Әлихан «Россия. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18 томына автор ретінде қатынасаң. Ол ғылыми жұмыспен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене

араласа бастайды. 1904 жылы қазақ даласына қоныс аудару қозғалысын даярлап берген Ф.А. Шербина экспедициясының құрамында болды. 1911-14 жж. Ә. Бөкейханов «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты. Ә. Бөкейханов – ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. «Әлихан Бөкейханов тәуелсіздік күрескері» Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866 - 1937) – XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Оңнан солға қарай: Халел Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, Әлихан Бөкейханов Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә. Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Народная свобода» (Халық бостандығы) партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады.

Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шындалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді. 1905 ж. бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болған [3].

Әлихан: «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын», деп алаштың жоғын жоқтап, барын түгендеп, ұлтымыздың қамын жеп өткен жұрт шырақшысы. Азаттық жолындағы арпалыспен өткен күреске толы ғұмырында ол ұлтының ертеңі үшін бар күш-жігерін, білім-тәжірибесін жұмсаумен бірге, басын бәйгеге тігіп, жанын да қиды. Қазақтың өз жерін еркін жайлап, өз елінің төрінде отырып, ұл-қызын қазақша оқытып, билік пен төрелікті қазақ тілінде айтуы үшін аянып қалған жоқ. Қазақ тілінде газет шығарды, қазақша кітаптар бастырды, жүздеген мақалалар жазды. Өзгелердің озық ойларын қазаққа жеткізем, көркемдік танымын кеңейтем деп аударма да жасады [4].

Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан барлық қажыр-қайратын, білім, дарын-талантын патша өкіметі кезіндегі отаршылдық, қанау кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық, жалқаулық, өтірік, ұрлық, шаруаға қырсыздық сияқты кесапат мінездерді сынап, ел тағдыры үшін ең маңызды нәрсе, негізгі байлық, тіршілік көзі – жерге иелік екенін терең сезініп, осы бағытта жұмыс жасайды, ғылыми зерттеулер, мақалаларды жарыққа шығарады.

Сөйтіп, ғасыр басындағы қазақ халқының өмірі мен қызметінің сан алуан қыры Ә.Н. Бөкейхановтың назарынан тыс қалмады деп айтуға болады. Оның сол кездегі қоғам өмірінде орын алған мәселелердің барлығына қалам тартқандығын көруге болады. Сонымен қатар ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихы туралы ғылыми жұмыстарды жазуда Ә. Бөкейхановтың еңбектерін пайдаланбай жазу мүмкін емес.

## ӘДЕБИЕТТЕР

*Бөкейханов Ә.* 1916-1926 (25 июнь) // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы, 1995. – 477 б.

*Бөкейханов А.* Киргизы // Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы, 1995. – 477 с.

<https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=36&id=28961>

*Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 365 б.

**Аннотация:** Анализируя наследие А.Н. Бокейханова и его научную деятельность в начале XX в., автор определяет роль ученого как государственного деятеля и выдающегося представителя казахской науки.

**Ключевые слова:** публицист, научно-исследовательская деятельность, петиция, социально-политическое положение, государственный деятель, конституционно-демократическая партия.

**Annotation:** Analyzing the scientific heritage of the scientist A.N. Bokeikhanov, a prominent representative of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the twentieth century, to determine the role of the scientist as a researcher.

**Keywords:** publicist, research activity, petition, political and social status, statesman, constitutional Democratic party.

Бекенова Жанэля Ерланқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,  
Алматы қ., Қазақстан; zhanelya\_bekenova@mail.ru

### Қазақ дүниетанымындағы от культі

**Аннотация:** Бұл мақалада қазақтың дәстүрлі өмір салтындағы қазіргі таңға дейінгі ұстанылып келе жатқан от культі қозғалады. Күнделікті өмірде атқарған қызметі мен сақталу дәрежесі, аса құрметтілікпен қадір тұтқан от бейнесі. Оттың семантикалық мағынасы мен отбасылық ғұрыптардағы атқарылатын дәстүрлер сипатталады.

**Кілт сөздер:** от, аластау, ұмай ана, күн, зороастризм, жалын, жылу, жарық.

От культі – қазақтар дүниетанымындағы ең маңызды культ екені сөзсіз. Қазақтар отқа табынып, оны көрші - түркі халықтары сияқты бағалады. Отқа табыну ежелгі дәуірден бері келе жатыр. Бұл зороастризмнің негізі деп саналады. От-жердегі күннің бір бөлігі сияқты мейірімді құдай. Ежелгі адамдар күн